# Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес некені (ерлі-зайыптылықты) тоқтату



# Тақырып бойынша ұсынылатын сұрақтар

1. Некені (ерлі-зайыптылықты) тоқтату заңды деректері.
2. Некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу негізі мен тәртібі
3. Тіркеуші органдарда некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу
4. Некені (ерлі-зайыптылықты) сот тәртібімен бұзу
5. Некені (ерлі-зайыптылықты) тоқтатудың салдары

# Некені (ерлі-зайыптылықты) тоқтату заңды деректері (14 бап):

1) ерлі-зайыптылардың біреуінің қайтыс болу

2) олардың біреуін қайтыс болған деп жариялау

3) олардың біреуін хабар-ошарсыз кеткен деп тану

4) некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу



# бұзу негізі мен тәртібі :

**Өлді деп жариялау (ҚР АК 31 бабы)**

**хабар-ошарсыз кеткен деп тану (ҚР АК 28)**

**3 жыл хабар болмау**

**Хабар ощарсыз кетті (оқиға) 6 ай өтісімен.**

**Соғыс жағдайларында жоғалса– 2 жыл өтісімен**

**С О Т Ш Е Ш І М І М Е Н**

**1 жыл бойы хабар болмаса**



# Некенің тоқтатылуы 1) 2) 3) **жағдайларға сәйкес болса**

↓

- **Зайыбының өлген күні**

↓

Өлгендігі туралы куәлік (**Тіркеуші органдарда**)

↓

- **Сот шешімінің күшіне енген күні**

Сот шешімі






# Некені өтініш бойынша бұзу (16 бап):

- ерлі-зайыптылардың біреуінің
- ерлі-зайыптылардың екеуінің
- әрекетке қабілетсіз деп таныған жұбайының қорғаншысының

**Соттық және әкімшілік тәртіп**

# Есіңізде болсын!

Некені (ерлі-зайыптылықты) зайыбының жүктілігі кезеңінде және бала туғаннан кейінгі бір жыл ішінде оның келісімінсіз бұзуға болмайды.!

↓

келісім тараптардың жазбаша тіркеу органдарына немесе сотқа берген өтініштері арқылы расталады



# **Тіркеуші органдарда некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу** (17 бап):

Кәмелетке толмаған ортақ балалары жоқ

+

мүліктік

+

және өзге де талаптары болмаса

тіркеуші орган некені бұзу туралы бірлескен өтініш берілген күннен бастап бір ай мерзім өткеннен кейін некені бұзушылардың өздері қатысқан кезде жүргізеді.

Баж салығы **2 АЕК**

(240 бап)



# Егер ерлі-зайыптылардың біреуінің өтініші бойынша (17 бап ):

## Неке ерлі-зайыптылардың кәмелетке толмаған ортақ балаларының болуына қарамастан :

- сот хабар-ошарсыз кеткен деп таныса;
- сот әрекетке қабілетсіз деп таныса;
- сот әрекет қабілеті шектеулі деп таныса;
- қылмыс жасағаны үшін кемінде үш жыл
- мерзімге бас бостандығынан айыруға соттас



**Бірақ!**

Некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу кезінде ерлі-зайыптылардың арасында ортақ мүлікті бөлуге, еңбекке қабілетсіз жұбайын, сондай-ақ кәмелетке толмаған балаларын күтіп-бағуға қаражат төлеуге қатысты туындайтын даулар медиация тәртібімен немесе сот тәртібімен қаралады (18 бап)

# Аса маңызды!

Хабар-ошарсыз кеткен деп танылған, әрекетке қабілетсіз немесе қылмыс жасағаны үшін кемінде үш жыл мерзімге бас бостандығынан айыруға сотталған адаммен некені бұзуды мемлекеттік тіркеген жағдайда, тіркеуші орган өтініш түскен күннен бастап 7 күн мерзімде ол туралы қамауда жатқан жұбайға не әрекетке қабілетсіз жұбайдың қорғаншысына немесе хабар-ошарсыз кеткен деп танылған жұбайдың мүлкіне қорғаншыға хабарламаны алған күннен бастап 45 күн мерзім белгілей отырып хабарлауға міндетті, осы мерзім ішінде олар некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы өтініш бойынша өздерінің арасында дау бар екені туралы жазбаша хабарлауға құқылы. (242 бап)

# Некені (ерлі-зайыптылықты) сот тәртібімен бұзу (19 бап):

- 17-бабының 2-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, ерлі-зайыптылардың кәмелетке толмаған ортақ балалары болған;
- ерлі-зайыптылардың біреуінің некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуға келісімі болмаған;
- егер ерлі-зайыптылардың біреуі өзінің қарсылығы болмауына қарамастан, өз іс-әрекеттерімен не әрекетсіздігімен некені (ерлі-зайыптылықты) бұзудан жалтарған;
- ерлі-зайыптылардың бір-біріне мүліктік және өзге де талаптары болған жағдайларда, неке (ерлі-зайыптылық) сот тәртібімен бұзылады.

# Есіңізде болсын!

**Ажырасу туралы істер сотта талап қою арызының негізінде жүзеге асады (ҚР АПК 148 бабы)**

**Талапкер**

(ажырасушы зайып Не қамқоршы)

**ТАЛАП**

→

**Жауапкер**

(екінші зайып)



# Есіңізде болсын!!

- Талап қою жауапкердің тұрғылықты жері бойынша сотқа беріледі. (ҚР АПК 29 бап)
- Талап қоюшы әке болуды анықтау туралы және алименттерді өндіріп алу туралы талап қоюларды өзінің тұрғылықты жері бойынша беруі мүмкін. (ҚР АПК 30 бап)
- Некені бұзу туралы талап қоюлар талап қоюшының тұрғылықты жері бойынша онымен кәмелетке толмаған балалары бірге тұрған жағдайда берілуі мүмкін ҚР АПК 30 бап

# Талап арызда:

- неке қашан және кіммен тіркелген
- Некеде туылған балар мен олардың жасы
- Оларды асырау мен тәрбиелеу жөнінде келісім барын
- Некені бұзудың ниеті
- Некені бұзу барысында өзгеде қосымша талаптардың бар жоғын анықтау

# Талап арызына тіркеледі:

- Неке тіркеу жөніндегі куәлік
- Балалардың туу туралы куәлігі
- Табыс жөніндегі құжаттар
- Жеке бастарын куәландыратын құжаттар
- Мекенжайлық анықтама
- Баж төленгендігі туралы түбіртек



СВИДЕТЕЛЬСТВО
О ЗАКЛЮЧЕНИИ БРАКА

Андреев Виктор Александрович

Ник: DREDD Дата рождения: «20» Март 1984

Страна: Россия Город: Новосибирск

и

Толмачева Анна Александровна

Ник: Anutyk Дата рождения: «29» Ноябрь 1982

Страна: Россия Город: Новосибирск

заключили брак

о чем 2008 года март месяца 24 числа

составлена запись акта о заключении брака № 211

После заключения брака присвоены фамилии:

мужу Андреев

жене Андреева

Место государственной регистрации: Отдел ЗАГС проекта «Свадьба в Новосибирске» корпорации Exogens города Новосибирска

Дата выдачи «24» март 2008 г.

Руководитель органа записи актов гражданского состояния Богданович А.А.

Сотта некені бұзу үшін талап құны (мемлекеттік бажсалығы) :

**1 АЕК тен 30 %** некені бұзу үшін

(АЕК=2269 тг)

\+

**бөлініске жататын мүліктің құнының 1%**



Сотта некені бұзу мерзімі:

сотқа өтініш берген күннен бастап бір ай өткен соң неке (ерлі-зайыптылық) сот тәртібімен бұзылады.

(НжОК 19 бап, 3, 4 т.)



## **Некені (ерлі-зайыптылықты) өзге де негіздер бойынша сот тәртібімен бұзу** (21 бап):



Кәмелетке толмаған ортақ балалары бар ерлі-зайыптылардың некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуға өзара келісімі болған кезде, ерлі-зайыптылардың бір-біріне мүліктік және өзге де талаптары болмаған кезде сот некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу себептерін анықтамастан некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуы мүмкін.

**Ерлі-зайыптылардың біреуінің некені бұзуға келісімі болмаған кезде некені сот тәртібімен бұзу** (20 бап):

Ерлі-зайыптылардың біреуінің некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуға келісімі болмаған кезде сот ерлі-зайыптыларды татуластыруға шаралар қолдануға және ерлі-зайыптыларға татуласу үшін алты ай шегінде мерзім тағайындай отырып, істі қарауды кейінге қалдыруға құқылы.



## Некені бұзу барысында сотпен шешетін негізгі мәселелер:

- кәмелетке жетпеген бала кіммен қалатындығын
- Кім және қанша көлемде алимент төлейді
- Ортақ мүлікті бөлу
- Зайыбының алимен мөлшері







Есіңізде болсын!!

Тараптар сотқа алимент төлеу тарлы зайыбының алимен мөлшері туралы келісімдерін сотқа өздері әкелулеріне болады.





## **Некені (ерлі-зайыптылықты) бұзған жағдайда оның тоқтатылу кезі** (23 бап):

Тіркеуші органдарда бұзылатын неке (ерлі-зайыптылық) - азаматтық хал актілерін жазу кітабында некенің (ерлі-зайыптылықтың) бұзылуы мемлекеттік тіркелген күннен бастап, ал неке (ерлі-зайыптылық) сотта бұзылған кезде некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы соттың шешімі заңды күшіне енген күннен бастап тоқтатылады.



- Сот некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы соттың шешімі заңды күшіне енген күннен бастап үш күн ішінде сот шешімінің көшірмесін шешім шығарылған жер бойынша, сондай-ақ неке қиюды (ерлі-зайыптылықты) мемлекеттік тіркеген жер бойынша тіркеуші органға жіберуге міндетті.



**Некені (ерлі-зайыптылықты) тоқтатудың салдары** (24 бап):

↓

мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтары мен міндеттері тоқтатылады

+

**Мұрагер болу құқығынан айрылады**

# Шет мемлекеттерінде ажырасу алғышарттары:

| | |
|---|---|
| **Франция**  | - Өзара келісім<br>- Отбасылық өмірдегі түсінбестіктер<br>- Зайыбының кінәлі әрекеті |
| **Германия**  | -Екі тараптың келісмі<br>-Бір жыл бірге тұрмау |
| **Нидерланды**  | - Отбасылық өмірдің құлдырауы |
| **Швеция**  | -Отбасылық өмірдің құлдырауы туралы бір тараптың өтініші |

# Шет мемлекеттерінде ажырасу алғышарттары:

| | |
|---|---|
| **Италия**  | - көзіне шөп салу<br>- ұзақ мерзімге сотталу<br>- психикалық ауруы |

# Шет мемлекеттерінде ажырасу алғышарттары:

| | |
|---|---|
| **Швейцария**<br> | - көзіне шөп салу<br>- өміріне қауіп төндіру, ұру, қорлау<br>- зайыбына нұқсан келтіретін қылмыстар жасаса<br>- отбасын 2 жылға тастап кетсе<br>- зайыбының 3 жылдан астам уақыт психикалық аурумен ауырса<br>- бірге тұру мүмкін болмаса<br>- өзгеде негіздер |

# Шет мемлекеттерінде ажырасу алғышарттары:

| | |
|---|---|
| **Ұлыбритания**<br> | **Некенің бұзылуының 6 негізі**<br>Талап беруші мыналардың бірін сотта дәлелдеуі тиіс:<br>- көзіне шөп салу<br>- жауапкердің лайықсыз іс әрекеті<br>- отбасын 3 жылға тастап кетсе, тараптардың келісімімен<br>- отбасын 2 жылға тастап кетсе<br>- өміріне қауіп төндіру, ұру, қорлау<br>- зайыбының 5 жылдан астам уақыт психикалық аурумен ауырса |

# Шет мемлекеттерінде ажырасу алғышарттары:

| | |
|---|---|
| **АҚШ**<br> | **Некенің бұзылуының негізі:**<br>- Ерлі зайыптылардың 6 айдан астам уақыт бөлек тұруы<br>- көзіне шөп салу дерегін сотпен дәлелдесе<br>- өміріне қауіп төндіру, ұру, қорлау |
| **Жапония**<br> | - көзіне шөп салу<br>- Зайыбын тастап кету<br>- отбасын 3 жылға тастап кетсе<br>- Зайыбының ұзақ уақыт психикалық аурумен ауырса<br>- бірге тұруды мүмкін болмайтын екі себеп |



# Айыра білу керек:



**Некені жарамсыз деп тану**

- Сот тәртібімен
- Отырған бетте жарамсыз
- субъектілері – мүдделі адамдар мен мем. органдар
- Негізі нақты заңда көрсетілген

**Некені тоқтату**

- соттық және әкімшілік тәртіпте
- болашақта тоқтатылады
- субъектілері – ерлі зайыптылар
- негіз – тараптардың ниеті

# Неке жарамсыз болып табылады:

**- Некеге отыру шарты бұзылса:**

1) Тараптардың ерікті келісімі

2) Некелік жасқа толу– 18 жас

**- ҚҰҚЫҚҚА ҚАЙШЫ ДЕРЕК:**

- 1) бір жынысты адамдардың; 2) олардың біреуі болса да басқа тіркелген некеде тұратын адамдардың; 3) жақын туыстардың; 4) бала асырап алушылар мен асырап алынған балалардың; 5) психикалық ауруы немесе ақыл-есі кемдігі салдарында жол берілмейді.

**- ЖАЛҒАН НЕКЕ**

**- НЕКЕГЕ КҮШТЕП ОТЫРҒЫЗСА**

**- ТАРАПТАРДЫҢ БІРІ АУРУЫН ЖАСЫРСА (НжОК 25 бап)**

# Жалған неке (ерлі-зайыптылық)

– ерлі-зайыптылардың немесе олардың біреуінің отбасын құру ниетінсіз, Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіппен қиылған неке (ерлі-зайыптылық);

Негіз:

- Тараптардың бөлек тұруы;
- Бөлек шаруашылық жүргізу;
- Ортақ балаларының болмауы;
- Пайдакүнемдік ниеттің болуы;
- Ошынастық өмір жүргізу және тб;
-

# Некені жарамсыз деп талап ете алатын тараптар:

- зайыбы
- супруг по нерасторгнутому браку
- Зайыбтарының заңды өкілдері
- прокурор



# Некені (ерлі-зайыптылықты) жарамсыз деп танудың салдары :

- Неке шартының жойылуы
- Некесі (ерлі-зайыптылығы) жарамсыз деп танылған адамдар бірлесіп сатып алған мүліктің құқықтық режимі Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің нормаларымен реттеледі
- Некені (ерлі-зайыптылықты) жарамсыз деп тану мұндай некеден (ерлі-зайыптылықтан) туған немесе неке (ерлі-зайыптылық) жарамсыз деп танылған күннен бастап екі жүз сексен күн ішінде туған балалардың құқығына нұқсан келтірмейді.
- Адал ниетті жұбай некені (ерлі-зайыптылықты) жарамсыз деп тану кезінде неке қиюды (ерлі-зайыпты болуды) мемлекеттік тіркеу кезіндегі өзі таңдаған тегін сақтауға құқылы.